



Наурыз -

ұлыстың ұлы күні



“Адасқан сөздер” ойыны



22-наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Наурыз күні көрісуден басталады. Бұл мереке табиғат пен адамның **үндестігін** көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурызда табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да **түлейді**, жаңарады. Наурыз достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі.

Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Бұл мерекенің басты тағамы наурыз көже болған. Наурыз көже 7 түрлі тағамнан жасалған. Наурыз көжені тойып ішсең, жыл бойы тоқшылық болады деген сенім бар. Дастархан басында отырған жастар үлкендерден бата алған. Бата үлкендердің өзіне жасы кішілерге берілетін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» - деп бата береді.

Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу» ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Көңілді өткен Наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталады. Жүрек жылуын таратқан көктемнің бақыт сыйы Наурыз көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын достық мерекесі.



“Жалғасын тап”

1

2

3

4

5

6

1) Әдепті бала -

•Әдепті бала – арлы бала



2) Әке көрген оқ жонар -

- Әке көрген оқ жонар – шеше көрген тон пішер



3) Ел боламын десең,

- Ел боламын десең, бесігіңді түзе!



4) Жақсыдан үйрен

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен



5) Дос жылатып айтады

- Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады



6) Қыз өссе елдің көркі

- Қыз өссе елдің көркі,
- Гүл өссе жердің көркі

«Бес жолды өлең»

Кім?

Қандай?

Не істеді?

Сөйлем

Синоним

- 1. Ұлттық тағамдарды жаз*
- 2. Ұлттық ойындарды жаз*
- 3. Ұлттық киімдерді жаз*



“Ізден, ойлан тап”



Ғлыстын ұлы
күні-Наурыз
мейрамы
құтты болсын!





Наурыз батасы
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол
болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Пәле – жала жерге енсін!

Үйге тапсырма

